



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR

student jastar gazetі

TÚLEGI

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№13 (438) 20 сәуір, 2023 жыл

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Университеттің сүйіншілеткен жаңалықтары күн сайын толастар емес. Солардың бірқатары оқу орны ғалымдары қатарының көбеюіне тікелей байланысты.

Атап айтқанда, «Археология және этнография» ғылыми орталығының ғылыми қызметкері Шораев Бағлан Қошқарұлы Түркияның Измир қаласындағы Докуз Юлюль университетінде (Докуз Эйлюль) «Археология» мамандығы бойынша (02.02.2023ж) философия докторы (PhD);

-«Биология, география және химия» кафедрасының аға оқытушысы Ажмолдаева Клара Байжігітқызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде диссертациясын қорғап «Биология» мамандығы бойынша (14.03.2023ж) философия докторы (PhD);

-«Математика және қолданбалы механика» кафедрасының аға оқытушысы Тұрсыматова Оразкүл Исақызы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ғылыми жұмысын қорғап, «Биология» мамандығы бойынша (13.04.2023ж) философия докторы (PhD) атанды.

Ғалымдарымызды жетістіктерімен құттықтай отырып, еңбектеріңіз жемісті, шығармашылық шабыттарыңыз шындала берсін деген жүрекжарды лебізімізді жолдаймыз

ҚҰРМЕТТІ ЖАС ТҮЛЕК!

Сіздерді ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, 85 жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті атануларыңызға тілектеспін. Студенттік өмір – оқумен қатар, креативті идеялардың, шығармашылық ізденіс пен шабытты бастаманың уақыты. Сондай-ақ, талантыңызды шындау арқылы үлкен жетістіктерге жету жолдарын көрсететін, әрі көшбасшылық пен белсенділікке, қиындыққа мойынсұнбауды үйрететін кезең.

Ал, достарым, мектепті бітіруге аз ғана уақыт қалды. Осы уақытта қай оқу орнына түсемін, қандай мамандық жақсы, қай университетте өзімді тұлғалық дамытып, мықты маман боламын десеңіздер, Сіздерді біздің Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне шақырамын!



Жандос ОРАЗМАХАНОВ
Рекрутинг және мансап басқармасының басшысы



БЕЙБІТКҮЛ КӘРІМОВА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры

АРМАНЫМНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА ҰСТАЗДАРЫМ КӨМЕКТЕСТІ

Ғұмырының басым бөлігін осы білім-ғылым саласына арнап, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісін мұрат тұтқан кейіпкеріміз барлық адам баласы тәртізді «Бақытты балалық шақты» бастан өткерген. Бүгінгідей жетістіктерге өзіндік ұстанымы, тынымсыз еңбегі, үздіксіз шыңдалуымен, бір сөзбен айтқанда, әрқилы өмір өткелдерімен жеткендігі анық. Бейбіткүл Сарсемханқызы өз уақытында ұстаздарын «пір» тұтқаны секілді, қазірде ол кісінің сара жолы жастарға үлгі болуы заңдылық. Осы орайда, университет басшысының жастық шағы туралы өз аузынан естігенді жөн көрдік.

- Бейбіткүл Сарсемханқызы, мектепте оқыған кезіңіздегі сағынышпен еске алатын сәттермен бөлісе аласыз ба?

- Жақсы. Алматы облысы Нарынқол ауданының Қарасаз ауылындағы қазақ орта мектебін 1989 жылы күміс медальмен тәмәмдадым. Отыз жылдан астам уақыт өтсе де, балалық шақтың жадымда жатталып қалған жарқын сәттері аз емес. Иә, мектепте оқыған жылдары бірнеше пән бойынша облыстық олимпиадалардың жүлдегері атанып, белсенді оқушы ретінде қоғамдық жұмыстардың ортасында жүрдім. Өз сыныбымның «староста-сы», жоғары сыныптарда мектептің комсомол

комитетінің төрағасы болдым. Жас ұрпақтың біреуі білсе, біреуі білмеуі мүмкін, бұл - бүкіл халықты оятқан қайта құрудың тұсы. Қоғам өмірінде көптеген оң өзгерістер орын алды. Сондай жаңашылдықтың біріне-мектептерді оқушылар тарапынан басқарудың енгізілуі жататын. Тың тәжірибе біздің ауылға жетіп, мен мектепте өзін-өзі басқару директоры болып сайландым. Осы рөлге білек сыбана кірісіп кеткенім соншалық, мектептің ресми директорының тікелей құзыретіндегі мәселелерге араласып, оның шешімдерімен қабысыңқырамайтын қадамдар жасап жүргенімді байқамай да қалыппын. Балалық шақтың осы бір сәті есіме түссе, әлі күнге күліп аламын.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев – Қарасаз ауылының тумасы. Сондықтан, ақынның өлеңдерін ауылдың үлкен-кішісі жатқа айтады десем, артық болмас. Мектеп қабырғасында М.Мақатаевтың шығармашылығына арналып «Жанартау» айдарымен өткізілетін әдеби кештерді жүргізіп, өлең айту, ән айту бойынша тұрақты байқауларды ұйымдастыруға атсалысқаным есімде. Оқушы болған кезеңдерден ұмытылмастай есте қалған сәттер өте көп, әрине.

БІЗБЕН БАЙЛАНЫС

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ИНСТИТУТ ДИРЕКТОРЛАРЫ**



**ТАЙМАН САФАТ
ТАМШЫБАЙҰЛЫ**



**АБЖАЛЕЛОВ
БАХЫТБЕК БАЙДОСОВИЧ**



**МИРМАНОВ НАКУ
БАХАУТДИНҰЛЫ**



**КУЛМЫРЗАЕВ
НҰРЛАН СЕРІКҰЛЫ**



**АХАТАЕВ НҰРЛЫБЕК
АҚАРЫСТАНҰЛЫ**

+7 702 876 24 40
ТАЙМАН САФАТ ТАМШЫБАЙҰЛЫ -
«Гуманитарлық – педагогикалық» институтының директоры

«Тарих»; «Шетел тілдері және аударма»; «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика»; «Орыс тілі және әдебиеті»; «Практикалық ағылшын тілі» кафедраларын даярлау бағыттары бойынша

+7 777 281 57 85
АБЖАЛЕЛОВ БАХЫТБЕК БАЙДОСОВИЧ -
«Инженерлі-технологиялар» институтының директоры

«Аграрлы технологиялар»; «Сәулет және құрылыс»; «Су шаруашылығы және жерге орналастыру»; «Компьютерлік ғылымдар»; «Инжинирингтік технологиялар»; «Электр энергетикасы, атмосфералық қауіпсіздік және экология»; «Математика және қолданбалы механика»; «Ақпараттық модельдеу технологиялары» кафедраларын даярлау бағыттары бойынша

+7 705 151 81 11
МИРМАНОВ НАКУ БАХАУТДИНҰЛЫ -
«Педагогика және дәстүрлі өнер» институтының директоры

«Дәстүрлі музыка өнері және хореография»; «Дизайн және технологиялар»; «Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі» кафедраларын даярлау бағыттары бойынша

+7 701 412 75 39
КУЛМЫРЗАЕВ НҰРЛАН СЕРІКҰЛЫ -
«Экономика және құқық» институтының директоры

«Экономика және басқару»; «Қаржы, есеп және аудит»; «Құқықтану»; «Философия және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедраларын даярлау бағыттары бойынша.

+7 702 309 95 83
АХАТАЕВ НҰРЛЫБЕК АҚАРЫСТАНҰЛЫ -
«Жаратылыстану» институтының директоры
«Физика және математика»; «Биология, химия және география»; «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық»; «Информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»; «Дене тәрбиесі» кафедраларын даярлау бағыттары бойынша

**КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫНДА –
СТУДЕНТТІК ӨМІР!**

1. «Jastar ruhy» жастар қанаты - сапалы білім алуға ынталы, өзінің және елінің болашағы үшін жауапкершілікті терең сезіне отырып, біздің құндылықтарымыз бен қағидаттарымызға ортақтасатын әрбір жас қазақстандық патриоттың мүддесін білдіру және қолдау.

2. «Ұлағат ұландары» - облысымыздағы педагог бағытында білім алып жатқан студенттерді жаз мезгілінде облыс аумағындағы балаларды тынықтыру- сауықтыру лагерьлерінде тәжірибие жинақтау үшін және қосымша жұмыспен қамту үшін дайындық курстарынан өткізу.

3. «Ақиқат» саяси пікірсайыс клубы мемлекеттің ары қарай дамуы үшін өз болмыс-бітімін, ана тілін, ұлттық рухын, намысын сақтап қалу, бүгінгі қоғамның ашындыратын мәселелерін талқылап, жастардың бойындағы патриоттық сезімін күшейту, студенттер

кемшіліктер туралы әзіл түрінде айту, жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру, сахна мәдениетін тәрбиелеу, қоғамда өзін ұстай білуді дамыту, жауапты азаматтарды тәрбиелеу.

6. «Қыз Жібек» қыздар клубы - тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру. Болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау, салт дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу, үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру.

7. «Қазақстан Студенттері Альянсы» – ҚСА-ның қоғамдық белгілілігін студент жастарының құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық мәселелерін шынымен шешуші және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына белсенді қатысушы ұйым.

8. «Book club» ұйымы – еліміздің студент жастарының арасынан үздіктер санын көбейту, студент жастар арасында кітап оқуды әдетке айналдыру, студент жастардың ой - санасын жетілдіру.

9. «Enactus» ұйымы – ENACTUS – әлемнің 35 елінде көшбасшылық пен кәсіпкерлікті үйрететін тәжірибеге бағытталған ең үлкен платформа. Жыл сайын ENACTUS университеті мен мектеп бизнес командалары ұлттық кубокта 100-ден астам жобаларды ұсынады.

10. «Good Deed» еріктілер ұйымы – жастардың бойына қайырымдылық пен ізгіліктің дәнін



арасындағы достық сезімді нығайта отырып, оларды қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге шақыруды мақсат етеді.

4. Соңғы онжылдықта бүкіл әлемде терроризм мен экстремизмнің құбылысы, оның нысандары мен көріністері байқалуда. Осыған орай университетімізде «Кибер» жасақ клубы аталып кеткен мәселелер бойынша алдын алу жұмыстарын жасайды.

5. «Қорқыт жастары» жайдарманшылар ұйымы - көңілді тапқырлар алаңы. Көрермендерге қоғамда орын алған

себу, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, мұқтаждарға көмек беріп, ізгілік жолында жастардың өз ізін қалдыруы болып отыр.

11.«Сырлы қалам» жас ақындар ұйымы –жастардың кітапқа, әдебиетке, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру, көпшілік алдында еркін сөз саптау мәдениетін қалыптастыру, қазақ тілін насихаттау, жас ақындарға қолдау білдіріп, жастарды көркем шығармаға баулу.

Керек дерек

Instagram: @talapker_korkyt
Facebook: «Рекрутинг және мансап басқармасы»
Telegram: KORKYT ATA UNIVERSITY / Талапкер-2023
TelegramBot: TALAPKER_KORKYT_BOT / @recruiting_center_bot
YouTube: Talapker Korkyt
WhatsApp: +7 776 538 8899

Оқуға қажетті құжаттар тізімі:

1. Аттестат немесе диплом қосымшасымен (түпнұсқа)
2. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
3. 3x4 көлеміндегі 6 сурет
4. 075-У нысанындағы электронды медициналық анықтама
5. ҰБТ электрондық сертификаты
6. Тізімдемеден (ведомость) үзінді (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде педагогикалық білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін)
7. Білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (грант иегері үшін)
8. Құжат тігілетін папка, конверт



Басы 1 бетте

- Сіз қандай студент болдыңыз?

- Мен Қазақ қыздар педагогикалық институтында «Қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 1989-1994 жылдары оқыдым. Оқу озаты, топ «староста-сы» болдым. Емтихан сұрақтарын толық қамтып, тыңғылықты дайындалу, тобымдағы қатарластарыма көмектесу-менің бұлжымас қағидам іспеттес болатын.

Институттың қоғамдық өміріне белсене араластым. Факультет деканаты жүргізетін іс-қағаздардың ауқымы үлкен екені белгілі. Ұстаздарыма, қызметкерлерге соларды орындауға көмектесіп, өлшеусіз тәжірибе

қалықтап, кейіпкерлерге ілесіп кете беруші еді. Ұстазым, сол сияқты, Гоголь, Лермонтов, Тургенев, Чехов, Салтыков-Щедрин сияқты атақты ақын-жазушылардың шығармашылығына деген сүйіспеншілігімді оятты.

Қоғамға қызмет ету, басқаларға пайдалы болу сынды биік қасиеттерді адамгершіліктің символы ретінде жас буынның санасына сіңіруді – жасампаз миссиясына балаған ұстазымның әсерінен мектеп бітірілде менің алдымда «қандай мамандықты тандаймын» деген сұрақ туындаған жоқ. Сөзге келместен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды тандауымның мәні осында. Және бұл бағытым дұрыс болғанына сенемін. Алевтина Андреевнадай тамаша педагогтың ілімі, тәлімі мен тәрбиесін көрген сыныптастарымның барлығы дерлік жоғары білім алды.

Қазақ қыздар педагогикалық институтының студенті кезімнен Жұмағұлова Валентина Ивановна сияқты салмақты да салиқалы ғалым-

Студенттерді әлеуметтік қолдау тетіктері бар, оқу ақысына көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Еліміз бойынша ең жоғары шәкіртақы да бізде. Сондай-ақ, 24 жастар ұйымы студенттік өмірді қызықты да мазмұнды өткізуге мол мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары қолға алынған бастамалар мен енгізілген жаңашылдықтар университетті өңірдегі ең тартымды жоғары оқу орнына айналдырып отыр. Білім алушылардың жалпы контингентінің 2019-2020 оқу жылындағы – 5195-тен қазірде 10167 білім алушыға (демек, екі еседей) артуы – соның бір ғана көрінісі.

Заман талабына сай келешекте қандай білім беру бағыттары басымдыққа ие болады деп ойлайсыз?

- Ел экономикасының дамуын, өңірдің тыныс-тіршілігінің болашағын білікті кадрларсыз елестету мүмкін емес. Солай болған, бола да бермек. Сондықтан, еліміздің ертеңі – жастарға: өмірде табысқа жетуге көмектесетін қабілеттеріңіз,

АРМАНЫМНЫҢ ОРЫНДАЛУЫНА ҰСТАЗДАРЫМ КӨМЕКТЕСТІ

жинақтадым. Оқуды қызыл дипломмен бітірген соң институтта қалып, бір жылдан соң факультет деканының орынбасары қызметіне жоғарылауым – студенттік шақтағы тынымсыз белсенділігімнің нәтижесі дер едім.

Студент кезімде шығармашылықпен де жүйелі айналыстым. Түрлі театрлық байқауларға қатысу үшін өз арамыздан рөлдерді орындайтын актрисалар дайындап, түрлі скетчтер ұйымдастыруға уақыт табатын едім. Бұл жұмыстарға «Тамаша» ойын-сауық театрының актрисасы Лидия Кәденова барынша көмектесті. Иә, ол кісі де менің өмір жолымдағы ұстаздарымның бірі.

- Асыл армандарыңызға қол жеткізе алдыңыз ба? Осы орайда үлкен өмірге жолдама берген ұстаздарыңызды атап өтсеңіз...

- Балалық шақтың армандарға толы болатыны түсінікті. Арманға жеткен адам болса сол мен шығармын. Жоғарыда айтқандай, бойымда кішкентайымнан қалыптасқан белсенділігім, қоғамдық өмірге араласуға деген қызығушылығым, қолға алған кез-келген тіршілікке асқан жауапкершілікпен қарауым қандай кезеңде болсам да қалыптасып, дами түсуде. Бүгінгі университет ректоры қызметін атқаруым да сол қабілеттерімді үздіксіз шындаудың арқасы.

Рас, асқақ армандарыма қол жеткізуге мүмкіндік жасап, қарымды қабілеттердің бойымда қалыптасуына ұстаздарымның сіңірген еңбегі орасан зор. Ол кісілердің жүріс-тұрыс мәдениеті мен іс-қимылдарының ерекше әсерге бөлеп «бой түзеуге» жетелегені имандай шындық. Бұл тұрғыда мен ең алдымен мектептегі сынып жетекшім, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Цыпкевич Алевтина Андреевнаны ерекше атап айтқым келеді. Есімі үлкен әріппен жазылатын ұстаздың орыс әдеби тілінің қалыптасуына теңдессіз үлес қосқан Александр Сергеевич Пушкин туралы сабақтары - ұлы ақынды өзіме мәңгілік дос етті. Оның туындыларының әуезділігі, саздылығы ырғағы, сөз тазалығы мен жинақылығы әрқашан жан дүниемде жаңғырып, ішкі әлемімнің ажырамас бөлігіне айналғандай.

Өсіресе, А.А. Цыпкевичтің орыстың ұлы жазушысы Максим Горькийдің шығармаларын оқығанда ерекше шабыттанып кететіні әлі есімде. Өз халқының мүддесі жолында жүрегін алаулаған шыраққа айналдырған Данко туралы әңгімесінде, өз идеясы үшін тайсалмай күресе алатын нағыз қаһарманның идеалы ретінде бейнеленген Дауылпаз құс (Буревестник) туралы жырды талқылағанда әрбір іс-қимылы мен сөздері эмоциялар мен сезімдерге толы болатыны соншалықты - бала қиялымыз қияға

профессорды өзіме ұстаз тұтып келемін. Аталған білім ордасында ұзақ уақыт жұмыс істеген Валентина Ивановнаның жас мамандарды ғылымға баулып, тәрбиелеудегі еңбегі ұшан-теңіз. Даусын қатты көтеріп сөйлемейтін биязы да сындарлы мінезімен өз ортасына қадірлі, құрметті кісі еді. Ұстазымыздың өзін-өзі ұстауы, не нәрсені болсын ақылға жөнді білетіндігі және айналасындағылардың жақсы қасиеттерін тани біліп, бағалап, сол қырын аша алатындығына тәнті боп есейдік. Қолынан келген жақсылығын ешкімнен аямайтын осынау керемет тұлғаның тәлімін көргенімді әркез мақтан тұтамын. Жалпы, мен өмірде жолым болған шәкіртпін. Қайталап айтамын, қандай-да бір биіктерді бағындырсам, ол ең әуелі ұстаздарымның еселі еңбегінің нәтижесі. Қысқасы, армандарымның орындалуы үшін бойдағы қабілеттерді жетілдіру жолында ұстаздардың үлесі ерекше.

- Бүгінгі талапкерді университеттің қандай артықшылықтары қызықтырады деп ойлайсыз?

- Қорқыт Ата атындағы университет еліміздегі тарихы терең жоғарғы оқу орындарының бірі. Соңғы жылдары Қазақстандық ЖОО Ұлттық рейтингінің ТОП-10 құрамына тұрақты орныққан университет 66 бакалавриат, 36 магистратура, 13 докторантура білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлайды. Ең басты артықшылығы, профессор-оқытушылар құрамының басым көпшілігі ғылыми атақ-дәрежесі бар үздік мамандар. Қазіргі күні дәстүрі - кенен, бірлігі-бекем ұжымда 22 ғылым докторы, 40 философия докторы, 176 ғылым кандидаты қызмет етсе, олардың 40 шақтысы халықаралық «Болашақ» бағдарламасының түлектері.

Келесі маңызды артықшылық – жылдан-жылға даму үстіндегі материалдық-техникалық база: 10 оқу ғимараты, 5 жатақхана, студенттік асханалар, жабдықталған кең дәрісханалар, заманауи оқу-ғылыми зертхана орталықтары, шеберханалар, ғылыми әрі шығармашылық үйірмелер, қазіргі заманғы кітапхана, спорт залдары мен «Сейхун» спорт кешені.

Өзге де ерекшеліктерге тоқталсам: Қос дипломмен білім беру – бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша екі (немесе одан да көп) ЖОО-да бір мезгілде оқып, дипломдар алу мүмкіндігі. Академиялық ұтқырлық – студенттің шетелдік немесе отандық ЖОО-да белгілі бір кезеңге оқып келуі. Студенттік бизнес-жобаларға қолдау көрсету, яғни оларды кәсіпкерлікке баулу. Әскери кафедрада бірнеше әскери мамандық бойынша запастағы офицерлер мен сержанттар даярланады.

мүмкіндіктеріңіз, қызығушылықтарыңыз және бейімділіктеріңізге сай келетін кәсіпті таңдау ісі өте маңызды деп айтар едім.

Келешекте IT, нанотехнология, химия және биотехнология, ауыл шаруашылығы саласының кадрларына, кәсіби білікті педагогтар, инженерлер, экологтар, маркетингтер мен логистерге сұраныс жоғары болады деп санаймын. Алаштың Анасы атанған Сыр өңірі үшін гуманитарлық саланың да бәсі қашанда жоғары.

- Жастар-еліміздің ертеңі екені белгілі. Олар қандай қасиеттерге ие болуы керек?

- Білім алушыларды ұлттық рухты бойына сіңірген, шығармашылық әлеуетін елімізді дамытуға жұмсайтын тұлға ретінде қалыптастыру – біздің негізгі ұстанымымыз.

Білімді адамның мәртебесі жоғары болатыны анық. Келешектің тұтқасын ұстар ұрпақтың тәрбиесі мен мәдениеттілігі де өте маңызды. Сондай-ақ, «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп, ертеректе айтылған даналықтың уақыт өткен сайын өзектілігі артып отырғандығын байқаймыз.

Жастардың жаңа құндылықтары мен идеялары болатыны хақ. Олар өздеріне сенімді, белсенді, отаншыл болуы қажет. Үнемшілдік, еңбекқорлық, саламаттылық, қарапайымдылық, шынайылық пен ізгілік, өзгені тыңдай білу де құнды қасиеттер. Бұл тұрғыда Хакім Абайдың: «Бес нәрседен қашық бол (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ), бес нәрсеге асық бол (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым) адам болам десеңіз» – деген өсиетін есте мықтап ұстаған жөн.

Міне, жастардың бойында осындай қасиет-қабілеттердің үйлесім табуы жарқын болашаққа бастайды.

- Өңірлік университеттің басшысы ретінде алдағы жоспарыңызбен бөліссеніз...

- Қорқыт Ата университетін өңірдегі инновациялық, ғылыми-технологиялық, кадрлық және өндірістік белсенділіктің орталығына айналдыру, ғылым және жоғары білімді өңірдің нақты сұраныстарымен үндестіру, сонымен қатар, жоғары оқу орындарының ең беделді әлемдік рейтингтердің үздіктері қатарына енгізу басым бағыттарымыз болып қала береді.

- Мектеп оқушылары мен бітіруші түлектерге ой салаларлық әңгіме болды. Ұстаз ұлағатын ұлықтай білген, қызықты ақпаратқа толы әсерлі сұхбатыңыз үшін көп рақымет!

Сұхбаттасқан
Раушан САДУОВА

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

БАКАЛАВРИАТ				
1. 6B01 Педагогикалық ғылымдар / 6B01 Педагогические науки / 6B01 Pedagogical sciences				
1	B001	Педагогика және психология/ Педагогика и психология/Pedagogy and psychology	1	6B01101-Педагогика және психология / Педагогика и психология/ Pedagogy and psychology
2	B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу/ Дошкольное обучение и воспитание/Pre-school education and upbringing	2	6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу/Дошкольное обучение и воспитание/Pre-school education and upbringing
3	B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі/ Педагогика и методика начального обучения/ Pedagogy and primary education methodology	3	6B01303-Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі/ Педагогика и методика начального обучения/ Pedagogy and methods of primary education
4	B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей начальной военной подготовки/ Teacher training in basic military training	4	6B01404-Бастапқы әскери дайындық/ Начальная военная подготовка/ Basic military training
	B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей физической культуры/ Teacher training in physical education	5	6B01405-Дене шынықтыру және спорт/ Физическая культура и спорт/ Physical culture and sports
	B006	Музыка мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей музыки/ Teacher training in music	6	6B01407-Музыкалық білім / Музыкальное образование/ Musical education
	B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей художественного труда и черчения/ Teacher training in artistic production and technical drawing	7	6B01409-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей художественного труда и черчения/Training of teachers of art work and drawing
5	B009	Математика мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей математики/ Teacher training in mathematics	8	6B01510-Математика/Математика Mathematics
			9	6B01511-Математика-Информатика/ Математика-Информатика/ Mathematics-Computer Science
	B010	Физика мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей физики/ Teacher training of Physics	10	6B01582-Физика мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей физики/ Training of physics teachers
			11	6B01513-Физика-Информатика/ Физика-Информатика/ Physics-Computer Science
	B011	Информатика мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей информатики/ Teachers training in informatics	12	6B01514-Информатика / Информатика/ Computer science
	B012	Химия мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей химии/ Teachers training in chemistry	13	6B01515-Химия /Химия/ Chemistry
			14	6B01516-Химия-Биология / Химия-Биология/ Chemistry-Biology
			15	6B01583-Химия (ағылшын тілінде)/ Химия (на английском)/ Chemistry (English taught)
	B013	Биология мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей биологии/ Teacher training in Biology	16	6B01517-Биология/Биология/ Biology
	B014	География мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей географии/ Teacher training Geography	17	6B01518-География/География/ Geography
18			6B01519-География- тарих/ География – история/ Geography-history	
6	B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей по гуманитарным предметам/ Teacher training in humanities subjects	19	6B01619-Тарих /История/ History
7	B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей казахского языка и литературы/ Teacher training in Kazakh language and literature	20	6B01721-Қазақ тілі мен әдебиеті/ Казахский язык и литература/ Kazakh language and literature
			B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей русского языка/ Russian language teacher and literature
	22	6B01784-Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті/Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения/Russian language and literature in schools with non-Russian language of training		

	B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау/ Подготовка учителей иностранного языка/ Teacher training in foreign language	23	6B01725-Шетел тілі: екі шетел тілі/ Иностранный язык: два иностранных языка/ Foreign language: two foreign languages
2. 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар / 6B02 Искусство и гуманитарные науки / 6B02 Arts and Humanities				
8	B021	Орындаушылық өнер/Исполнительское искусство/Singing arts	24	6B02128-Дәстүрлі музыка өнері/ Традиционное музыкальное искусство /Traditional music art
	B028	Хореография/ Хореография/ Choreography	25	6B02130-Хореография/ Хореография/ Choreography
	B031	Сән, дизайн/ Мода, дизайн/ Fashion, design	26	6B02132-Дизайн /Дизайн/ Design
9	B134	Археология және этнология/ Археология и этнология/ Archeology and Ethnology	27	6B02234-Археология және этнология/ Археология и этнология/ Archeology and Ethnology
10	B036	Аударма ісі/ Переводческое дело/ Translation studies	28	6B02335-Аударма ісі/Переводческое дело / Translation studies
	B037	Филология/ Филология/ Philology	29	6B02336-Қазақ филологиясы/ Казахская филология/ Kazakh philology
3. 6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат / 6B03 Социальные науки, журналистика и информация / 6B03 Social sciences, journalism and information				
11	B042	Журналистика және репортер ісі/ Журналистика и репортерское дело/Journalism and reporting studies	30	6B03238-Журналистика (Телерадио)/ Журналистика (Телерадио)/ Journalism(TV and Radio)
			31	6B03270-Журналистика/ Журналистика/ Journalism
4. 6B04 Бизнес, басқару және құқық / 6B04 Бизнес, управление и право / 6B04 Business, management and law				
12	B044	Менеджмент және басқару/ Менеджмент и управление/ Management and administration	32	6B04139-Мемлекеттік және жергілікті басқару /Государственное и местное управление/ State and local governance
			33	6B04140-Экономика/ Экономика/ Economics
	B045	Аудит және салық салу/ Аудит и налогообложение/Audit and taxation	34	6B04141-Есеп және аудит/ Учет и аудит / Accounting and audit
	B046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі/ Финансы, экономика, банковское и страховое дело/Finance, Economics, Banking and Insurance	35	6B04143-Қаржы/ Финансы/ Finance
13	B049	Құқық/Право/ Law	36	6B04245-Құқықтану (Азаматтық-құқықтық)/Юриспруденция (Гражданско-правовая)/ Jurisprudence (Civil law)
			37	6B04246-Құқықтану (Қылмыстық-құқықтық)/Юриспруденция (Уголовно-правовая)/Jurisprudence (Criminal law)
			38	6B04247-Әкімшілік әділет/ Административная юстиция/ Administrative justice
5. 6B05 жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика / 6B05 Естественные науки, математика и статистика / 6B05 Science, mathematics and statistics				
14	B051	Қоршаған орта/Окружающая среда/Environment	39	6B05283-Экология және табиғатты пайдалану/Экология и природо пользование/ Ecology and nature management
6. 6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар / 6B06 Информационно-коммуникационные технологии / 6B06 Information and communication technology				
15	B057	Ақпараттық технологиялар/Информационные технологии/ Information technologies	40	6B06149-Ақпараттық жүйелер/ Информационные системы/ Information Systems
			41	6B06150-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету / Вычислительная техника и программное обеспечение/ Computing and software
16	B058	Ақпараттық қауіпсіздік/Информационная безопасность/ Information Security	42	6B06152-Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері/ Системы информационной безопасности/ Information Security Systems
7. 6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары / 6B07 Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли / 6B07 Engineering, manufacturing and civil engineering				
17	B060	Химиялық инженерия және процестер/ Химическая инженерия и процессы/ Chemical Engineering and Processes	43	6B07154-Органикалық заттардың химиялық технологиясы/ Химическая технология органических веществ/Chemical technology of organic substances
	B062	Электр техникасы және энергетика/ Электротехника и энергетика/ Electrical Engineering and energy	44	6B07155-Электрэнергетика / Электроэнергетика/Power industry
	B063	Электротехника және автоматтандыру/ Электротехника и автоматизация/ Electrical engineering and automation	45	6B07189-Автоматтандыру және басқару/Автоматизация и управление/ Automation and control

	B064	Механика және металл өңдеу/ Механика и металлообработка/ Mechanics and metalworking	46	6B07158-Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша)/ Технологические машины и оборудование (по отраслям)/ Technological machines and equipment (by branches)
	B065	Автокөлік құралдары/ Автотранспортные средства/ Motor vehicles	47	6B07159-Көлік техникасы және технологиялар/Транспортная техника и технологии/Transport equipment and technology
18	B068	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі/ Производство продуктов питания/Food production	48	6B07260-Азық-түлік өнімдерінің технологиясы/ Технология продовольственных продуктов/Technology and food processing machinery
	B071	Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру/ Горное дело и добыча полезных ископаемых/Mining and mineral extraction	49	6B07261-Мұнай газ ісі / Нефтегазовое дело /Oil and gas business
			50	6B07262-Тау-кен ісі/Горное дело/ Mining
			51	6B07263-Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау/ Геология и разведка месторождений полезных ископаемых/ Geology and exploration of mineral deposits
			52	6B07264-Пайдалы қазбаларды байыту/ Обогащение полезных ископаемых/Mineral processing
19	B074	Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс/ Градостроительство, строительные работы и гражданское строительство/ Urban planning, construction work and civil engineering	53	6B07365-Құрылыс/Строительство/ Construction
			54	6B07366-Құрылыс материалдарын, бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of materials, products and designs
			55	6B07367-Инженерлік жүйелер және желілер/ Инженерные системы и сети/ Engineering systems and networks
	B075	Кадастр және жерге орналастыру/ Кадастр и землеустройство/Cadastre and land management	56	6B07368-Кадастр / Кадастр / Cadastre
			57	6B07369-Жерге орналастыру / Землеустройство /Land Management
8. 6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар / 6B08 Сельское хозяйство и биоресурсы / 6B08 Agriculture and bioresources				
20	B077	Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводство/Crop production	58	6B08171-Агрономия/ Агрономия /Agronomy
21	B078	Мал шаруашылығы/ Животноводство/ Animal production	59	6B08272-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы / Технология производства продуктов животноводства/ Technology of production of livestock products
22	B082	Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use	60	6B08674-Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use
			61	6B08675-Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау/Мелиорация, рекультивация и охрана земель/Melioration, recultivation and protection of lands
23	B183	Агроинженерия/ Агроинженерия/ Agroengineering	62	6B08773-Аграрлық техника және технология./Аграрная техника и технология/Agricultural machinery and technology
9. 6B11 Қызмет көрсету/ 6B11 Услуги/ 6B11 Services				
24	B091	Туризм/Туризм/ Tourism	63	6B11177-Туризм/ Туризм/ Tourism
25	B094	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар/ Санитарно-профилактические мероприятия/ Sanitary preventive measures	64	6B11279-Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау / Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды / Life safety and environmental protection
26	B095	Көлік қызметтері/ Транспортные услуги/ Transportation Services	65	6B11380-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру/Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта/ Organization of transportation, motion and usage of the transport
27	B090	Әлеуметтік жұмыс/ Социальная работа/Social work	66	6B11401-Әлеуметтік жұмыс/ Социальная работа/Social work

МАГИСТРАТУРА

1. 7M01 Педагогикалық ғылымдар /7M01 Педагогические науки/7M01 Pedagogical Science				
1	M001	Педагогика және психология/Педагогика и психология/Pedagogy and psychology	1	7M01104-Педагогика және психология /Педагогика и психология/ Pedagogy and psychology (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
2	M003	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау/ Подготовка педагогов без предметной специализации/ Training teachers without subject specialization	2	7M01303- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі/Педагогика и методика начального обучения/Pedagogy and methods of primary education (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			3	7M01301- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі/ Педагогика и методика начального обучения/Pedagogy and methods of primary education (бейіндік/профильная/profile)

3	M006	Музыка педагогтерін даярлау/Подготовка педагогов музыки/ Training teachers of music education	4	7M01407-Музыкалық білім/Музыкальное образование/ Musical education (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
4	M008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау /Подготовка педагогов профессионального обучения/ / Training teachers of professional education	5	7M01409-Кәсіптік оқыту (Көркем еңбек және арнайы пәндер)/ Профессиональное обучение (Художественный труд и специальные дисциплины)/Professional education (Artistic work and special disciplines) (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
5	M010	Математика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов математики// Training teachers of Maths t	6	7M01510- Математика/Математика/Maths (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
6	M011	Физика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов физики/ Training teachers of Physics	7	7M01512- Физика /Физика/ Physics (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
7	M012	Информатика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов информатики/Training teachers of computer science	8	7M01514-Информатика / Информатика/ Informatics (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
8	M013	Химия педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов химии/ Training teachers of chemistry	9	7M01515-Химия /Химия/ Chemistry (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
9	M014	Биология педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов биологии /Training teachers of biology	10	7M01517- Биология /Биология/ Biology (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
10	M016	Тарих педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов истории/ Training teachers of history	11	7M01619- Тарих /История/ History (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
11	M017	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/ Подготовка педагогов казахского языка и литературы/Training teachers of theKazakh language and literature	12	7M01724- Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/ Подготовка педагогов казахского языка и литературы/Training teachers of the Kazakh language and literature (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
12	M018	Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау/Подготовка педагогов русского языка и литературы/ Training teachers of Russian language and literature	13	7M01722- Орыс тілі мен әдебиеті/ Русский язык и литература/Russian language and literature (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
13	M019	Шетел тілдері педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов иностранного языка/Training teachers of foreign language	14	7M01723-Шетел тілі: екі шетел тілі/ Иностраннй язык: два иностранных языка/ Foreign language: two foreign (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
2. 7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар/Искусство и гуманитарные науки/Arts and Humanities				
14	M056	Аударма ісі, ілеспе аударма/Переводческое дело, синхронный перевод/ Translation, simultaneous translation	15	7M02335-Аударма ісі/ Переводческое дело/ Translation studies (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
15	M060	Филология/Филология/ Philology	16	7M02336-Филология/Филология/ Philology (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
3. 7M04 Бизнес, басқару және құқық/Бизнес, управление и право/Business, management and law				
16	M070	Экономика/Экономика/Economy	17	7M04140- Экономика/Экономика/Economy (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			18	7M04101- Экономика/Экономика/Economy (бейіндік/профильная/profile)
17	M071	Мемлекеттік және жергілікті басқару/ Государственное и местное управление/State and local government	19	7M04139-Мемлекеттік және жергілікті басқару/ Государственное и местное управление/State and local government (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)

			20	7M04102- Мемлекеттік және жергілікті басқару/ Государственное и местное управление/State and local government (бейіндік/профильная/profile)
18	M072	Менеджмент және басқару/Менеджмент и управление/ Management and Management	21	7M04141- Менеджмент /Менеджмент/ Management (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			22	7M04103-Менеджмент /Менеджмент / Management (бейіндік/профильная/profile)
19	M073	Аудит және салық салу/Аудит и налогообложение/Audit and taxation	23	7M04142-Есеп және аудит/Учет и аудит/ Accounting and auditing (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			24	7M04105- Есеп және аудит/Учет и аудит/ Accounting and auditing (бейіндік/профильная/profile)
20	M074	Қаржы, банк және сақтандыру ісі/ Финансы, банковское и страховое дело/Finance, banking and insurance	25	7M04144- Қаржы /Финансы /Finance (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			26	7M04104- Қаржы /Финансы /Finance (бейіндік/профильная/profile)
4. 7M05 Жаратылыстану ғылымдары, математика и статистика /Естественные науки, математика и статистика/Science, mathematics and statistics				
21	M087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы /Технология охраны окружающей среды/ Environmental protection technology	27	7M05247-Экология/Экология/ Ecology (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			28	7M05201- Экология/Экология/ Ecology (бейіндік/профильная/profile)
5. 7M06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информационно-коммуникационные технологии/ Information and communication technology				
22	M096	Ақпараттық технологиялар/Информационные технологии/Information Technology	29	7M06149- Ақпараттық жүйелер/Информационные системы/ Information Systems (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			30	7M06150- Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету / Вычислительная техника и программное обеспечение / Computing and software (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
6. 7M07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары/Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли/Engineering, manufacturing and construction industries				
23	M097	Химиялық инженерия және процестер/ Химическая инженерия и процессы/ Chemical Engineering and Processes	31	7M07153- Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы/ Химическая технология неорганических веществ/ Chemical technology of inorganic substances (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			32	7M07101-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы/ Химическая технология неорганических веществ/ Chemical technology of inorganic substances (бейіндік/профильная/profile)
			33	7M07154- Органикалық заттардың химиялық технологиясы/ Химическая технология органических веществ/ Chemical technology of organic substances (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
24	M115	Мұнай инженериясы/Нефтяная инженерия/ Petroleum Engineering	34	7M07261-Мұнай газ ісі / Нефтегазовое дело /Oil and gas business (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
25	M099	Энергетика және электр техникасы /Энергетика и электротехника / Energy and Electrical Engineering	35	7M07155-Электр энергетика (Жаңартпалы энергетика) / Электроэнергетика (Возобновляемая энергетика) / Power industry (RenewableEnergy) (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			36	7M07156-Электр энергетика (Электр технологиясы)/ Электроэнергетика (Электротехнология)/ Power industry (Electrotechnology) (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)

26	M103	Механика және металл өңдеу/Механика и металлообработка/ Mechanics and metalworking	37	7M07158-Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)/ Технологические машины и оборудование (по отраслям)/ Technological machines and equipment (by branches) (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			38	7M07104-Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)/ Технологические машины и оборудование (по отраслям)/ Technological machines and equipment (by branches) (бейіндік/профильная/profile)
27	M124	Құрылыс/Строительство/ Construction	39	7M07365-Құрылыс/Строительство/Construction (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			40	7M07301- Құрылыс/Строительство/ Construction (бейіндік/профильная/profile)
29	M125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of construction materials, products and structures	41	7M07366- Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of construction materials, products and structures of materials, products and designs (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			42	7M07302-Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of construction materials, products and structures of materials, products and designs (бейіндік/профильная/profile)
7. 7M08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар/Сельское хозяйство и биоресурсы/Agriculture and bioresources				
30	M131	Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводство/Crop production	43	7M08172-Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводство/Crop production (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			44	7M08101- Агрономия/Агрономия/ Agronomy (бейіндік/профильная/profile)
31	M136	Аграрлық техника және технология/ Аграрная техника и технология/ Agricultural machinery and technology	45	7M08773-Аграрлық техника және технология/ Аграрная техника и технология/ Agricultural machinery and technology (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			46	7M08501- Аграрлық техника және технология/ Аграрная техника и технология/ Agricultural machinery and technology (бейіндік/профильная/profile)
32	M137	Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use	47	7M08674- Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			48	7M08601- Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use (бейіндік/профильная/profile)
			49	7M08675- Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау/Мелиорация, рекультивация и охрана земель/ Soil development, restoration and protection (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
			50	7M08602- Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау/Мелиорация, рекультивация и охрана земель/ Soil development, restoration and protection (бейіндік/профильная/profile)
8. 7M11 Қызмет көрсету/Услуги/Services				
33	M150	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар/ Санитарно-профилактические мероприятия/ Sanitary and preventive measures	51	7M11279- Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік) /Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды (Техносферная безопасность)/ Life safety and environmental protection (Technosphere safety) (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)

			52	7M011201- Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік) /Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды (Техносферная безопасность)/ Life safety and environmental protection (Technosphere safety) (бейіндік/профильная/profile)
--	--	--	----	--

ДОКТОРАНТУРА

1. 8D01 Педагогикалық ғылымдар/Педагогические науки/Pedagogical science				
1	D001	Педагогика және психология/Педагогика и психология/Pedagogy and psychology	1	8D01101-Педагогика және психология /Педагогика и психология/ Pedagogy and psychology (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
2	D003	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау/ Подготовка педагогов без предметной специализации/ Training teachers without subject specialization	2	8D01303- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі/Педагогика и методика начального обучения/Pedagogy and methods of primary education (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
3	D010	Математика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов математики/ Training teachers of Maths	3	8D01510- Математика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов математики/ Maths teacher education (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
4	D011	Физика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов физики/ Training teachers of Physics	4	8D01511- Физика педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов физики/ Physics teacher education (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
5	D013	Химия педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов химии/ Training of chemistry teachers	5	8D01515-Химия /Химия/ Chemistry (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
6	D014	Биология педагогтерін даярлау/ Подготовка педагогов биологии /Training of biology teachers	6	8D01517- Биология /Биология/ Biology (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
7	D017	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау/Подготовка педагогов казахского языка и литературы/Training teachers of the kazakh language and literature	7	8D01724- Қазақ тілі мен әдебиеті / Казахский язык и литература/Kazakh language and literature (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
2. 8D04 Бизнес, басқару және құқық/Бизнес, управление и право/Business, management and law				
8	D070	Экономика/Экономика/Economy	8	8D04140- Экономика/Экономика/Economy (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
9	D071	Мемлекеттік және жергілікті басқару/ Государственное и местное управление/State and local government	9	8D04139-Мемлекеттік және жергілікті басқару/ Государственное и местное управление/State and local government (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
3. 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары/Инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли/Engineering, manufacturing and construction industries				
10	D124	Құрылыс/Строительство/Building	10	8D07365-Құрылыс/Строительство/Construction (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
11	D125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of construction materials, products and structures	11	8D07366- Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру/ Производство строительных материалов, изделий и конструкций/ Production of construction materials, products and structures of materials, products and designs (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
4. 8D08 Ауылшаруашылығы және биоресурстар/Сельское хозяйство и биоресурсы/Agriculture and bioresources				
12	D131	Өсімдік шаруашылығы/ Растениеводство/Crop production	12	8D08171- Агрономия/Агрономия/ Agronomy (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)
13	D137	Су ресурстары және суды пайдалану/ Водные ресурсы и водопользование/ Water resources and water use	13	8D08675- Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау/Мелиорация, рекультивация и охрана земель/ Soil development, restoration and protection (ғылыми-педагогикалық бағыт/научно-педагогическое направление/ Scientific and pedagogical direction)

Неге Қорқыт Ата университеті?

Бірінші артықшылық.

Қос дипломдық білім.

Қос дипломмен білім беру – бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша екі (немесе одан да көп) ЖОО-да бір мезгілде оқу мүмкіндігі.

Қос дипломды білім беру Қазақстандық білімнің халықаралық кеңістікке енуінің маңызды құралы болып табылады.

Қос дипломдық білім беру бағдарламасына қатысу үшін құжаттар тізімі

- Мәлімдеме;
- Жеке куәлік;
- Паспорттың көшірмесі;

Ағымдағы транскрипт (университеттің мөрімен расталған, GPA 3,0-ден жоғары);

• Сертификаттар: IELTS, TOEFL (сертификаттар болмаған жағдайда ағылшын тілінен білім деңгейін анықтауға институттық конкурс ұйымдастырылады);

- Ұсыныс хат (магистранттар үшін);
- Мотивациялық хат (ағылшын тілінде).

Қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2 келісім-шарт жасалды:

1. Томск политехникалық университеті (Томск, РФ)

2. Каннам университеті (Корея Республикасы)

Академиялық ұтқырлық.

Студенттің академиялық ұтқырлығы – келісімге сәйкес студенттің шетелге немесе басқа қалаға сапары. Бұл жобаның басты мақсаты – білім алушыларымыздың басқа оқу орындарында білімдерін нақтылай түсіп, университетіміздің беделін арттыру. Демек, студенттердің кеңірек дамуына жағдай жасау.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасының артықшылықтары қандай?

- Басқа оқу орындарында қарым-қатынас пен оқу тәжірибесін алу;
- Тәжірибелік білім алып, болашақ маман ретінде біліктілігін арттыру;
- Ауызекі сөйлеу тілін жетілдіруге үйрену;
- Адамдармен (шетелдіктермен) қарым-қатынас жасауға дағдылану;

Университеттегі академиялық ұтқырлық бағдарламалары:

- «Эразмус+» бағдарламасы
- «MEVLANA» - академиялық алмасу бағдарламасы

- Халықаралық стипендиялық бағдарламалар Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін құжаттар тізімі:

- Мәлімдеме;
- Жеке куәлік;
- Паспорттың көшірмесі;

Ағымдағы транскрипт (университеттің мөрімен расталған, GPA 3,0-ден жоғары);

• Сертификаттар: IELTS, TOEFL (сертификаттар болмаған жағдайда ағылшын тілінен білім деңгейін анықтауға институттық конкурс ұйымдастырылады);

- Ұсыныс хат (магистранттар үшін);
- Мотивациялық хат (ағылшын тілінде).

Университет жанындағы TOEFL - Аймақтық тестілеу орталығы барлық ниет білдірушілерді TOEFL ITP Халықаралық емтиханын тапсыруға шақырады. Бұл:

- Қазақстандық ЖОО-на магистратураға және PhD докторантураға түсу үшін;

- Академиялық ағылшын тілін меңгергендігін растау ретінде стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін;

- Ағылшын тілі қолданылатын халықаралық алмасу және ынтымақтастық бағдарламаларына қатысу үшін қажет. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті АҚШ білім беру тестілеу қызметінің ETS Global компаниясының ресми аккредиттелген өкілі болып табылады.

Екінші артықшылық.

Әлеуметтік қолдау. оқу ақысына жеңілдіктер.

Университеттің ішкі гранттары мен жеңілдіктері

100% жеңілдік:

1) Жетім балалар мен ата-анасының

қамқорлығынсыз қалған балаларға және «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының түлектеріне;

2) ҰБТ-ның пәндері бойынша олимпиада жеңімпаздарына (бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда ұзартылады);

3) 8-11 (12) сынып оқушылары арасынан дарынды жастарды университетке тарту мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық және аудандық байқаулардың (ғылыми-инновациялық жобалар конкурстары, пәндік олимпиадалар, зияткерлік сайыстар, өнер, шығармашылық байқаулары және т.б.) жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және үздіктеріне (бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады);

4) Спорт саласы бойынша Әлем және Азия чемпиондарына.

50% жеңілдік:

1) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлыққа алынған студенттерге;

2) I және II топ мүгедек студенттерге;

3) «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне I курста, келесі курстарда (2,3,4) оқу үлгерімі «өте жақсы» болған жағдайда ұзартылады;

4) Спорт саласындағы жетістіктері үшін - Халықаралық деңгейдегі чемпиондарға (1 орын) - (1-ші оқу жылына, жыл сайын жарыстарда жетістіктерін дәлелдеген жағдайда ғана ұзартылады).

- Әлем және Азия жүлдегерлеріне

25% жеңілдік:

1) ҰБТ нәтижесінде кем дегенде 100 бал жинаған түлектерге (бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады);

2) Университет қызметкерлерінің балаларына (университеттегі еңбек өтілімі 3 жыл болуы тиіс), Егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, 25% жеңілдік әрқайсысына беріледі;

3) Ата-анасының екеуі де (немесе жалғыз ата-анасы) мүгедек студенттерге;

4) Көпбалалы отбасынан шыққан (балалары 23 жастан аспаған жағдайда) студенттерге, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі) – бір оқу жылына беріледі, студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда;

5) Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатынасқан білім алушыларға (2 курстан бастап, бір оқу жылына).

6) Спорт саласындағы жетістіктер үшін: - Халықаралық деңгейдегі 2 және 3 орын (1-ші оқу жылына, жыл сайын жарыстарда жетістіктерін дәлелдеген жағдайда ғана ұзартылады)

- Республикалық деңгейдегі чемпион - 1 орын (1-ші оқу жылына, жыл сайын жарыстарда жетістіктерін дәлелдеген жағдайда ғана ұзартылады)

10% жеңілдік:

Спорт саласындағы жетістіктер үшін:

- Республикалық деңгейде 2 және 3 орын жүлдегерлеріне (1-ші оқу жылына, келесі жылға чемпион атағын сақтап қалған жағдайда ғана ұзартылады).

Шетелдік азаматтарға, сонымен қатар шекарасыз шетел мемлекеттерінің ұлты қазақ азаматтарына – 100%, 50%, 25% (бір оқу жылына арнайы конкурс нәтижесі бойынша.

ҚР бойынша ең жоғары шәкіртақы

Басқа ЖОО: Бакалавриат - 36 660 тг; Педагогикалық мамандық студенттері - 58 800 тг; Магистранттар - 86 987 тг; Докторанттар - 195 000 тг.

Қорқыт Ата университеті: Бакалавриат - 47 658 тг; Жоғары стипендия - 53 157 тг; Педагогикалық мамандық студенттері - 76 440 тг; Жоғары стипендия - 85 260 тг; Магистратура - 113 083 тг; Жоғары стипендия - 126 131 тг; Докторанттар - 253 500 тг.

Үшінші артықшылық.

Бизнесті студент кезден бастау. бизнес старт. Кәсіпкерлік орталығы.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 2017 жылдың мамыр айында «Бизнес-Старт» жастар кәсіпкерлік орталығы құрылды.

«Бизнес-инкубатор» – өз істерін бастауды қалайтын, бірақ оған мүмкіндігі жоқ жас кәсіпкерлерді қолдау және коммерциялық тұрғыда тиімді өнім алу мен нәтижелі өндіріс құруда көмек көрсету мақсатында құрылған ұйым.

Университет қабырғасында кәсіпкерлікті дәріптеу мен дамыту бағыты бойынша «Startup Bolashak. Menin armanum», «Zhas Project» бағдарламасы, «HackDay» және «Smart city Kyzylorda» хақатондары және тағы да басқа шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, облыс көлеміндегі «Smart city Hackathon», «PechaKucha Night Kyzylorda», «Startup roadshow», «Enactus Kazakhstan roadshow», «Startup Talapker incubation», «Innofest» облыстық инновациялық жобалар фестивалі, «SLL workshop», «SocInn startup», «NoCodeDay», «Open Speech Kyzylorda» бағдарламалары мен іс-шаралары өткізілді.

«Бизнес – инкубатор» студенттерге қалай көмектеседі?

- Студенттік бизнес-жобалардың бастамашыларына бизнес-идеяға стратегиялық талдау жасауда көмек көрсетеді;

- Бизнес-жоспарды қалай құру жөнінде кеңес беріп, оған баға береді;

- Қаржы ресурстарын іздестіруге және тартуға ақпараттық түрде жәрдемдесетін болады;

- Сіздің жаңа бизнесіңізге маркетингтік қолдау көрсетеді;

- Қорқыт ата университеті студенттердің қатысуымен құрылған шағын бизнес субъектілерін қалыптастыру кезеңінде кеңсемен қамтамасыз етеді.

Төртінші артықшылық.

Әскери кафедра.

Азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы және запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери қызметке әскери даярлау Қазақстан Республикасының әскери оқытылған резервін қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері (ҚР ҚК) офицерлер құрамының бастапқы лауазымдарын алатын жоғары кәсіптік білім негізінде және сержанттар құрамының лауазымдарын қосымша жасақтау мақсатында әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

Университет студенттері әскери кафедрада аптасына бір рет әскери күн әдісімен екі жыл (сержанттар – 1 жыл) бойына оқиды. Кафедрадағы әскери даярлыққа қабылдау конкурстық іріктеу негізінде жүргізіледі. Іріктеу барысында студенттердің сабақ үлгірімі, психологиялық тестілеудің нәтижесі, дене дайындығы пәні бойынша нормативтерді тапсыру нәтижелері мен денсаулығының әскери қызметке жарамдылығы есепке алынады.

Әскери даярлық курсына толық аяқтағаннан соң студенттер оқу жиынынан өтеді.

Бесінші артықшылық.

Материалдық – техникалық база.

10 оқу ғимараты, 5 жатақхана, студенттер сарайы, «сейхун» спорт кешені, 6 асхана, 4 шеберхана, оқу-әскери полигон, 6 оқу залдық кітапхана

Алтыншы артықшылық.

Студенттік өмірді қызықты өткізетін 24 жастар ұйымы.

Жетінші артықшылық.

Үздік профессорлар мен оқытушылар құрамы:

560 - профессор-оқытушылар; 22 - ғылым докторлары; 37 - PhD докторлары; 176 - ғылым кандидаттары; 185 – магистрлер;

Білім беру бағдарламалары: 66 – бакалавриат; 36 – магистратура; 13 – докторантура

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қажеттілігінің тәуелсіз рейтингінде 2022 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 8-ші орынға ие болып, ҚР жоғары оқу орындарының Бас рейтингісінің ТОП-20 қатарына енді.

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ - ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Спортшыларымыз Әлем чемпионатына жолдама алды

Атырауда кикбоксингтен ересектер арасында ҚР Кубогі өтті. Аталған дода Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Сүндеткерей Қасанғалиевтің мерейлі 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылды. Жарыста еліміздің 18 өңірінен келген 200-ден астам спортшы бақ сынады.



Тартысты додаға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері қатысып, марапат төрінен көрінді. Атап айтсақ, Нұрасыл Тілектесов 54 келі салмақта I орын, Диас Карманов 57 келі салмақ дәрежесінде I орын, Алиасқар Утеуов пен Ерасыл Самалбеков 91 келі салмақ дәрежесінде жүлделі III орын иеленді. Спортшылардың жаттықтырушысы – Қ. Байкуатов.

Айта кетейік, жеңіс тұғырынан көрінген спортшылар Әлем чемпионатына жолдама алды.

«Social innovation projects»

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті түлектерінің ассоциациясы және «Business-Start» бизнес инкубаторының ұйымдастыруымен «Social innovation projects» семинары өтті. Білім алушыларға арнайы



ұйымдастырылған семинардың спикері - «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» төрайымы Ізден Анар Жарылқасынқызы.

«Әлеуметтік инновациялық жобалар» тақырыбы аясында өткен тренингке түлектер қауымдастығының төрайымы Гүлшат Берікбайқызы, Business-Start биз-

нес инкубаторының мамандары және университеттің 30 белсенді студенті қатысты.

Қызылордалық жас ғалымның зерттеуі патент алды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты Айдана Болатбекқызының «Қазақ әйелдеріне арналған киімдер жиынтығы» жобасы патент иеленді. Жоба бұған дейін университеттің «Дизайн және технология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Ләззат Шілдебаеваның жетекшілігімен Оңтүстік Корея республикасының Сеул қаласында өткен халықаралық көрмеге ұсынылды. «Зерттеумен айналысқаным бір жарым жылдай уақыт болды. Осы уақыт аралығында 2 мақаламыз Германияның «Foundations and Trends in Modern Learning» журналына жарияланды. Жетекшім ұлттық мәдениетімізді терең зерттеуге, шығармашылығымды шырғауға бағыт берді. Үлкен еңбектің арқасында зерттеу жұмысымыз нәтижелі болды», – деді Айдана Болатбекқызы.

«Қазақ әйелдеріне арналған киімдер жиынтығы» жобасы – ұлттық нақыштағы заманауи киімдер үлгісі. Қамзолы мен бас киімі барқыттан, белдемшесі жібек матадан жасалған. Силуэті жартылай қынамалы, ұзындығы белден төмен қамзолдың жеңі сәл кеңейтілген. Қамзолдың алдыңғы және кеуде бөліктері, сондай-ақ жеңі мен бас киімнің алдыңғы жағы күміс жіппен безендірілген. Белдемшесі ұзын, сегіз қатар желбірлі.

Стартаперлер экологиялық таза өнім «Active seat» көрпешесін шығарды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері экологиялық табиғи таза өнім әзірледі. Олар «Active seat» көрпешесін күріш қауызынан жасап шығаруда. «Қазіргі уақытта адамдар уақытының көбін отырып жұмыс істеумен өткізеді. Бұл денсаулыққа үлкен зиян келтіріп, көптеген аурудың пайда болуына себепші болады. Осы орайда, біз ыңғайлы әрі денсаулыққа пайдалы «Active Seat» көрпешесін шығаруды қолға алдық. Өнімнің басты компоненттерінің бірі – күріш қауызы.

Өңірімізде жыл сайын 100 тоннадан астам күріш қалдықтары полигондарда өртеледі. Бұл процесс табиғатқа да, адам денсаулығына да айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Жобамыз – аймағымыз үшін де, тұрғындар үшін де пайдалы», – деді «Enactus Korkyt Ata university» командасының капитаны Темірлан Абжанов.

Алдағы уақытта стартаперлер экологиялық және әлеуметтік жобалар байқауларына қатыспақ. Сонымен қатар, жобаны «ENACTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO» студенттік кәсіпкерліктің, стартаптар мен инновациялардың ұлттық кубогы байқауына ұсыну жоспарланған. Қазіргі уақытта жастар өнімді өз қаражаттары есебінен шығаруда.

Айта кетейік, университетте студенттер арасында кәсіпкерлікті дамыту, тың идеяларына қолдау көрсету мақсатында кәсіпкерлік орталығы жұмыс істейді. Кәсіпкерлікті дамыту бойынша осы кезге дейін «Startup Bolashak. Menin armanum» жобасы, «Zhas project» бағдарламасы, «HackDay» және «Smart city Kyzylorda» хақатондары және басқа да ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Орталық бес жыл

ішінде 7 мыңнан астам жасқа бағыт-бағдар берді. Қазіргі уақытқа дейін инкубатордан 89 резидент-түлек шығып, жалпы 70 миллионға жуық қаржы тартылды.

Қызылордалық студентке ел Президентінен хат келді

Мемлекет басшысынан Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Ақжайық Тәжіге хат келді. Ел Президенті хатында: «Құрметті Ақжайық! Сенің жетістіктеріңе риза болдым. Еліміздің болашағы өзің сияқты белсенді әрі талапты жастардың қолында екені анық. Мемлекет өскелең ұрпақтың білім алуына барлық жағдайды жасап келеді. Осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, көп оқып, тынбай іздену өте маңызды. Оқуды жақсы бітіріп, мықты маман болуыңа және ел игілігіне қызмет етуіңе тілектеспін!» делінген.

Ақордадан келген Президенттің хаты мен сыйлығын студентке облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов тапсырды.

Айта кету керек, студент Ақжайық Тәжі Президенттің жастарға көрсетіліп отырған қолдауы үшін хат жазған. Мемле-



кет басшысының қолдауымен жүзеге асып жатқан жобалар нәтижесінде Ақжайық Тәжі халықаралық, республикалық деңгейдегі жетістіктерге қол жеткізген. Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Аманұлы студентке жарқын болашақ тіледі. Сондай-ақ Президенттің артқан үмітін ақтайтынына сенім білдірді.

Жұлдызай Такисбай ҚР чемпионы атанды

Семей қаласында жасөспірімдер мен 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтуде. Байрақты бәсекеге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Жұлдызай Такисбай қатысты. Спортшы әйелдер күресінде 65 келі салмақта бақ сынап, қарсыластарынан басым болды. Нәтижесінде өз салмағында чемпион атанып, жеңіс тұғырынан көрінді. Біз спортшыларымызды мақтан етеміз!



Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор: Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА - Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Жауапты хатшы:

Раушан Кенжетайқызы

Техникалық редактор:
Асқар Алданышұлы

SYR TULEGI
student jastar gazeti

1992 жылдан мамырынан бастап шығалы.
Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.